«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

2024 ж. «14» 11 ЖҮРГІЗІЛДІ

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2007 ЖЫЛ 1303

БСН 070340000032

«Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі мүшелерінің Кезекті Конференциясының шешімімен БЕКІТІЛДІ
2024 жылғы 01 қарашадағы
№ 25-КК хаттама

«Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы, 2024 жыл

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ҚФФ – «Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, FIFA мен UEFA мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының ұлттық футбол федерациясы (қауымдастығы).

FIFA – Футбол қауымдастықтарының халықаралық федерациясы.

UEFA – Футбол қауымдастықтарының еуропалық одағы.

IFAB – Футбол ойынының ережелерін анықтайтын және өзгертетін Футбол қауымдастықтарының халықаралық кеңесі.

ҚР ҰОК – Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитеті.

ХОК – Халықаралық Олимпиада комитеті.

Футбол – FIFA қадағалайтын және ойын ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын ойын.

Ұлттық футбол қауымдастығы – FIFA-ның мүшесі болып табылатын футбол қауымдастығы.

Ойын ережесі – IFAB қабылдаған (бекіткен) футбол ойынының ережелері.

Футбол лигасы – ҚФФ берген өкілеттіктер шеңберінде жарыстар өткізетін ұйым.

Футбол клубы – FIFA, UEFA және КФФ нормалары мен ережелерін сақтайтын және FIFA, UEFA, ҚФФ ұйымдастыратын футбол жарыстарына қатысатын заңды тұлға.

Ойыншы – Ұлттық футбол қауымдастығында футболшы ретінде тіркелген жеке тұлға.

Ресми тұлға – Футбол субъектілері болып табылатын ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын барлық лауазымды тұлғалар, оның ішінде олардың басшылары (орынбасарлары), сондай-ақ басқару органдарының мүшелері, жаттықтырушылар, футбол төрешілері, инспекторлар, матч делегаттары, техникалық жұмыскерлер, FIFA, UEFA, ҚФФ, ҚКФЛ, ҚФФ мүшелерінде, лигаларда немесе клубтарда туындайтын техникалық, медициналық және әкімшілік мәселелерге жауапты өзге де тұлғалар.

Футбол субъектілері – ҚФФ, ҚФФ-ның мүшелері, жергілікті футбол федерациялары, футбол лигалары, футбол клубтары, футбол бойынша білім беру орындары /ұйымдары/мекемелері, ресми тұлғалар, ойыншылар, инспекторлар және матч делегаттары, төрешілер, агенттер, жаттықтырушылар, жанкүйерлер (көрермендер) және олардың бірлестіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында футболға байланысты қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғалар.

Жергілікті футбол федерациясы – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде футбол қызметін жүзеге асыратын және бақылайтын жергілікті атқарушы органда аккредителген ҚФФ мүшесі. Жергілікті футбол федерациясы өз өңірінде футболды дамытуға және насихаттауға міндетті.

CAS – Лозанна қаласындағы (Швейцария) Спорт істері жөніндегі арбитраждық сот.

Конференция – ҚФФ-ның Жоғары басқару органы.

Атқару комитеті (Атқару комитеті) – ҚФФ-ның алқалы атқарушы басқару органы.

Президент – ҚФФ жоғары лауазымды тұлғасы, ҚФФ бірінші басшысы.

Заң органдары – өз қызметін жүзеге асыратын және өз міндеттерін толығымен тәуелсіз, бірақ әрқашан ҚФФ мүддесі үшін және ҚФФ, сондай-ақ FIFA және UEFA жарғысы мен ережелеріне сәйкес орындайтын ҚФФ комитеттері/палаталары/комиссиялары.

Агент – Футбол агенті қызметін көрсетуге FIFA лицензиясы бар жеке тұлға.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ҚФФ Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, FIFA және UEFA Жарғысына сәйкес әзірленген және ҚФФ қызметінің құқықтық мәртебесін, пәнін, мақсаттарын, өкілеттіктері мен негізгі қағидаттарын анықтайды.

2. ҚФФ ресми атауы:

1) толық атауы:

- мемлекеттік тілде: **«Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі**;
- орыс тілінде: **Объединение юридических лиц «Ассоциация «Казахстанская Федерация Футбола»**;
- ағылшын тілінде: **Association of Legal Entities «Association «Kazakhstan Football Federation»**.

2) қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: **Қазақстан Футбол Федерациясы** немесе **ҚФФ;**
- орыс тілінде: **Казахстанская Федерация Футбола** немесе **КФФ**;
- ағылшын тілінде: **Kazakhstan Football Federation** немесе **KFF.**

3. ҚФФ орналасқан жері: ҚР, индекс 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, ғимарат 5 А.

4. ҚФФ ресми тілі болып Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Мемлекеттік тілмен қатар орыс және ағылшын тілдері қолданылады.

2-тарау. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕ

5. ҚФФ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. ҚФФ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы, осы Жарғыны, FIFA мен UEFA-ның жарғылары мен өзге де нормативтік актілерін, шешімдерін басшылыққа алады.

6. ҚФФ FIFA, UEFA және ҚР ҰОК тұрақты мүшесі болып табылады.

7. ҚФФ, ҚФФ мүшелері, ҚФФ лауазымды тұлғалары, Футбол субъектілері және олардың өкілдері, Ресми тұлғалар, футбол клубтары мен ойыншылары, Қазақстан Республикасында футболға байланысты қызметті қандай да бір жолмен жүзеге асыратын басқа тұлғалар, сондай-ақ ҚФФ өткізетін футбол жөніндегі іс-шараларға, жарыстар мен матчтарға қатысатын өзге де тұлғалар:

1) ҚФФ, FIFA және UEFA жарғыларының, ережелері мен шешімдерінің талаптарын орындауға міндеттенеді;

2) FIFA және ҚФФ Жарғысының ережелеріне сәйкес CAS юрисдикциясы мен өкілеттіктерін мойындайды және дауларды шешу құралы ретінде CAS-қа басымдық береді;

3) осы Жарғыны немесе ҚФФ-ның өзге да нормативтік құқықтық актілерін қолдануға қатысты барлық ішкі дауларды ҚФФ-ның Заңды органдары қарауына беруге міндетті;

4) халықаралық қауымдастық мойындаған барлық адам құқықтарын құрметтеуге және оларды қорғауға жәрдем етуге ұмтылуға міндеттенеді;

5) ҚФФ, FIFA және UEFA жарғылық мақсаттарын қозғайтын мәселелерді қоспағанда, саясат және дін мәселелерінде бейтараптық сақтауға міндеттенеді;

6) қандай да бір елге, жеке тұлғаға немесе тұлғалар тобына қатысты кемсітушілікке жол бермеуге, кез келген өзара қарым-қатынастарда теңдік пен бейтараптықты сақтауға міндеттенеді;

7) ҚФФ-ның және қазақтандық футболдың, FIFA мен UEFA қызметінің, сондай-ақ әлемдік және/немесе қазақстандық футболдың өзге де субъектісінің немесе тұлғасының беделін түсіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

8) осы Жарғыдан тікелей немесе жанама түрде туындайтын қалғандарының барлығын жүзеге асырады.

8. ҚФФ Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

9. ҚФФ ашықтық, еріктілік, теңдік және демократия қағидаттары негізінде жұмыс істейтін коммерциялық емес, тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын ұйым. ҚФФ саясат және дін мәселелерінде бейтараптықты ұстанады. ҚФФ өзінің негізгі мақсаты ретінде табыс табуды көздемейді. ҚФФ қызметінен түсетін барлық кірістер оның жарғылық мақсаттарына жетуге жұмсалады.

10. ҚФФ қызметінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа жағдаяттарға байланысты кез келген кемсітушілікке тыйым салынады. Кемсітушілік фактілерінің кез келген көрінісі ҚФФ мүшелігін тоқтата тұруға немесе ҚФФ құрамынан шығаруға, жұмыстан шығаруға, келісім-шартты біржақты бұзуға, қызметінен босатуға, ҚФФ-ның басқару органдарына, Заң органдарына, өзге де құрылымдарына және/немесе Футбол субъектілеріне мүшеліктен босатуға әкеп соғады.

11. ҚФФ шектеусіз қызмет мерзімімен құрылған.

3- тарау. ҚФФ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12. ҚФФ мақсаттары Қазақстан Республикасының аумағында футболды әділ ойын рухында басқару, дамыту және насихаттау, футбол жарыстары мен матчтарын ұйымдастыру және өткізу, футбол клубтары мен өзге де футбол субъектілерін FIFA, UEFA және КФФ жарыстарына қатысу үшін белгіленген стандарттарға сәйкестігіне қарай лицензиялау, футболға байланысты мәселелер бойынша тиісті этика нормалары мен басқару қағидаттарын сақтай отырып, халықаралық ұйымдарда Футбол субъектілерінің мүдделерін білдіру.

13. ҚФФ міндеттері:

1) жекелеген уәкілетті мемлекеттік ұйым ретінде Қазақстан Республикасында футболды басқарудың біртұтас жүйесін құру;

2) Қазақстан Республикасында футболды оның барлық нысандарында (кәсіби футбол; бұқаралық футбол; әйелдер футболы; футзал; жағажай футболы; ардагерлер футболы; балалар-жасөспірімдер футболы; мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған футбол; интерактивті футбол; («киберфутбол»); мини-футбол 6х6, 7х7, 8х8 және басқа да барлық футбол түрлері) дамыту және насихаттау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, FIFA, UEFA және өзге де халықаралық футбол ұйымдарының ережелеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес футбол жарыстары мен матчтарын ұйымдастыру және өткізу;

4) FIFA, UEFA және ұлттық футбол қауымдастықтарымен, әлемдік футбол субъектілерімен және өкілдерімен достық және іскерлік қарым-қатынас орнату және қолдау;

5) FIFA және UEFA жарғыларының, регламенттерінің, ережелерінің, шешімдерінің талаптарын орындау, Ойын ережелерін сақтау;

6) ҚФФ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

7) Қазақстан Республикасында футболды басқаруға, дамытуға және насихаттауға бағытталған басқа да міндеттер.

14. Жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚФФ мына қызмет түрлерін іске асырады:

1) ҚФФ мүшелерінің футбол саласындағы және оның мүддесіндегі бірлескен қызметін үйлестіру;

2) халықаралық аренада қазақстандық футболдың ұстанымын нығайту және беделін арттыру;

3) футболдың барлық түрлері бойынша матчтар өткізу кезінде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

4) матчтар мен жарыстардың тұтастығына қауіп төндіруі немесе футболдың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін барлық әдістер мен әрекеттердің (жоғарғы немесе төменгі дәрежедегі дивизонға/лигаға ауыстыру қағидатын ескере отырып) алдын алу;

5) футболдың барлық түрлері бойынша матчтардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында өтетін жолдастық матчтардың өткізілуін бақылау;

6) футбол бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау жүйесін құру әрі іске асыру және оны тұрақты түрде жетілдіру;

7) физикалық жағынан дені сау жас ұрпақты тәрбиелеуде түрлі жастар ұйымдарына және балалар-жасөспірімдер ұйымдарына көмек көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

8) допингке қарсы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және спорттық футбол іс-шараларын өткізудің қауіпсіздік деңгейін арттыру;

9) футбол клубтарын FIFA, UEFA және ҚФФ жарыстарына қатысу үшін белгіленген стандарттарға сәйкестігіне қарай лицензиялау;

10) футболдан ҚР ұлттық құрамаларын қалыптастыру және дайындау;

11) футболдан ҚР құрама командаларының оқу-жаттығу процестерін және жарыстарға және өзге де іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;

12) футболдан ҚР құрама командаларының жаттықтырушылары мен мамандарын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асыру;

13) Футбол субъектілері арасында туындайтын дауларды шешу;

14) FIFA мен UEFA-ның реттеуші құжаттарына сәйкес ойыншыларды және өзге де барлық Футбол субъектілерін тіркеу;

15) FIFA, UEFA және ҚФФ нормалары мен ережелеріне сәйкес ойыншылардың, жаттықтырушылардың және ҚФФ жарыстарына қатысатын өзге де тұлғалардың шарттарын, трансферлік келісім-шарттар мен шарттарды тіркеу;

16) Футбол мачтарын инспекциялауды және төрелік етуді ұйымдастыру;

17) Футбол мачтары делегаттарының қызметін ұйымдастыру;

18) Агенттердің қызметін үйлестіру;

19) Футбол мамандарының біліктілігін арттыру бойынша оқу-жаттығу жиындарын, семинарларды және өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

20) ҚФФ жарыстарына қатысатын жаттықтырушыларды, төрешілерді және басқа футбол мамандарын сертификаттау/аккредитеттеу/лицензиялау;

21) FIFA, UEFA және ҚФФ жарыстары өтетін спорт нысандарын сертификаттау/аккредитеттеу/лицензиялау;

22) футболды дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу және жалпылау;

23) қазақстандық футболдың материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдем ету;

24) бұқаралық ақпарат құралдарында футболды насихаттау;

25) футбол жанкүйерлерімен және олардың бірлестіктерімен жұмыс істеу бойынша іс-шаралар өткізу;

26) футбол мәселелері бойынша әдістемелік және ақпараттық материалдарды әзірлеу және басып шығару;

27) футболды насихаттауға бағытталған көрмелер, семинарлар, конференциялар және өзге де іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

28) жарыстардың ережелерін (регламенттерін) әзірлеу, футболдан ҚФФ жарыстарының күнтізбелерін бекіту, енгізу және Футбол субъектілерінің оларды сақтауын қамтамасыз ету;

29) FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларын, нормалары мен ережелерін бұзғаны үшін футбол субъектілерін жауапкершілікке тарту;

30) FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларына сәйкес футбол мачтарының трансляциясын ұйымдастыру жөніндегі құқықтар мен өкілеттіктерді іске асыру;

31) FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларына сәйкес ойыншылардың халықаралық және ішкі ауысулары (трансферлер) бойынша құқықтар мен өкілеттіктерді іске асыру;

32) жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қайырымдылық қызмет, қаржылық, демеушілік, гуманитарлық және техникалық көмек көрсету;

33) ардагерлерді және өзге де Футбол субъектілерін әлеуметтік қолдау;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жарғылық мақсаттарды орындауға бағытталған қызмет.

15. ҚФФ жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін бөлігінде ғана кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Кәсіпкерлік қызметтен түсетін ҚФФ кірістері ҚФФ мүшелерінің арасында бөлуге болмайды және ол жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

4-тарау. ФИЛИАЛДАР ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕР

16. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген тәртіпте ҚФФ өзінің тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын, ҚФФ атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктерді құруға және жабуға құқылы.

5-тарау. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

17. ҚФФ және оның органдарының мүшелері, сондай-ақ Футбол субъектілері әділ ойын ұстанымдарына сәйкес әділдік, адалдық және қарсыласқа құрмет көрсету қағидаларын ұстанады.

18. ҚФФ ҚР заңнамасында көзделген барлық құқықтарға ие.

19. ҚФФ:

1) банктерде шоттар ашуға;

2) мемлекеттік және өзге де тілдерде толық атауы жазылған мөрі, мөртаңбалары және бланкілері, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте тіркелген эмблемасы (нышаны) болуға;

3) меншігінде оқшауланған мүліктің, сондай-ақ меншікті теңгерімнің болуына;

4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға және жүзеге асыруға;

5) ҚР заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға, филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;

6) ҚР заңнамасына сәйкес қауымдастықтарға, одақтарға және өзге де заңды тұлғаларға, оның ішінде халықаралық одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;

7) өз қызметі туралы ақпарат таратуға және өзінің жарғылық мақсаттарын насихаттауға;

8) футбол клубтарын FIFA, UEFA және ҚФФ ұйымдастыратын жарыстарға қатысу үшін белгіленген стандарттарға сәйкестігіне қарай сертификаттау/аккредиттеу/лицензиялау;

9) өзінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

10) сотта талапкер және жауапкер болуға;

11) футболдың барлық түрлері бойынша спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге;

12) ойыншыларды дайындау жүйесін жетілдіруге;

13) өз құзіреті шегінде ойыншыны бір футбол клубынан екіншісіне ауыстыруды ұйымдастыруға қатысуға;

14) тиісті халықаралық жарыстарды өткізетін FIFA және UEFA нормаларына сәйкес футболдан ҚР құрама командаларында (футболдан ұлттық құрама командалар) ойнауға құқығы жоқ ойыншылардың футболдан халықаралық спорттық жарыстарға қатысуына шектеулер белгілеуге;

15) футболдан ҚР ұлттық құрамаларының символикасын пайдалану бойынша барлық құқықтарды иеленуге;

16) футбол бойынша спорт пәндерін спорт түрлерінің тізіліміне енгізу жөнінде ұсыныстар беруге;

17) ҚР заңнамасында тыйым салынбаған түрлі көздерден футболды дамытуға берілген қаржылық және өзге де қолдауды алуға;

18) FIFA мен UEFA конгресіне қатысуға;

19) FIFA мен UEFA конгресінің күн тәртібіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге;

20) FIFA мен UEFA президенттігіне және басқару органдарына кандидаттар ұсынуға;

21) FIFA мен UEFA нормативтік актілеріне және өзге де шешімдеріне сәйкес FIFA және UEFA-ның барлық сайлауларына қатысуға және дауыс беруге;

22) FIFA мен UEFA ұйымдастыратын жарыстарға қатысуға;

23) FIFA мен UEFA-ның көмек көрсету және даму бағдарламаларына қатысуға;

24) FIFA мен UEFA жарғылары мен өзге да нормативтік актілерінен келіп шығатын барлық басқа құқықтарды жүзеге асыруға;

25) ҚР ҰОК жарғысында көзделген құқықтарды, сондай-ақ ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

20. ҚФФ:

1) ҚР заңнамасының талаптарын, FIFA және UEFA нормативтік құжаттары мен шешімдерінің, сондай-ақ осы Жарғының нормаларын орындауға;

2) Дүниежүзілік допингке қарсы кодексті (WADC), CAS кодексін басшылыққа алуға;

3) кез келген уақытта FIFA және UEFA органдарының жарғыларын, ережелерін, директивалары мен шешімдерін, сондай-ақ FIFA жарғысының нормалары негізінде апелляция бойынша қабылданған CAS шешімдерін толықтау орындауға;

4) FIFA мен UEFA ұйымдастыратын жарыстарға қатысуға;

5) FIFA мен UEFA-ның мүшелік жарналарын төлеуге;

6) өз мүшелерінен FIFA мен UEFA органдарының жарғыларын, ережелерін, директивалары мен шешімдерін орындауды талап етуге;

7) ҚФФ-ға тікелей бағынатын Төрешілік департаментін құруға;

8) FIFA мен UEFA-ның жарғысына сәйкес өз бетінше істер жүргізуге және үшінші тұлғалардың оларға ықпал етуіне жол бермеуге;

9) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте салықтарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеуге;

10) барлық тиесілі мүліктерге өзінің міндеттемелері бойынша жауапты болуға;

11) Ойын ережелерін сақтауға;

12) мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға белгіленген мерзімде және белгіленген нысанда есептер мен ақпарат беруге;

13) FIFA мен UEFA мачтарының халықаралық күнтізбелерін ескере отырып, спорттық-бұқаралық іс-шаралар мен футбол жарыстарын, оның ішінде халықаралық жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;

14) ҚФФ мүшелері, футбол клубтары, ойыншылар мен басқа да Фубол субъектілері арасында туындайтын даулы мәселелер мен жағдайларды шешу үшін барлық мүмкін болатын құралдары қолдануға;

15) футболды оның барлық түрлері бойынша дамытуға және насихаттауға;

16) қажет болған жағдайда ҚР дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органымен келісе отырып, футбол ережелерін әзірлеуге және бекітуге;

17) футбол бойынша кешенді мақсатты бағдарламаларды және футболдан ҚР құрама командаларының (футболдан ұлттық құрама командалардың) ойыншыларын даярлаудың жеке жоспарларын әзірлеуге;

18) ҚФФ өткізетін футбол жарыстары туралы ережелерді (регламенттерді) әзірлеуге және оларды ҚР дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органының бекітуіне беруге;

19) футболдан ҚР құрама командаларының халықаралық спорт жарыстарына дайындалуын және қатысуын қамтамасыз етуге;

20) футболдан ардагер спортшылардың халықаралық және республикалық спорт жарыстарына дайындалуын және қатысуын қамтамасыз етуге;

21) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға футболды дамыту туралы ақпаратты ұсынуға;

22) бірыңғай республикалық спорттық іс-шаралар күнтізбесін әзірлеуге және енгізуге;

23) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға белгіленген тәртіпте футбол талаптары мен нормаларын оларды бірыңғай спорттық сыныптамаға енгізу мақсатында және жаттықтырушыларды аттестациялау бойынша біліктілік талаптарын ұсынуға;

24) футболдан спорт төрешілерін даярлауды жүзеге асыруға;

25) жаттықтырушыларды қайта даярлауды, жаттықтырушыларды, спорт төрешілерін және футбол саласындағы мамандарды аттестациялауды жүзеге асыруға;

26) егер «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңында өзгеше көзделмесе, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға спорттық атақтар мен біліктілік санаттарынан айыру үшін құжаттарды ұсынуға;

27) егер «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңында өзгеше көзделмесе, жергілікті атқарушы органдарға спорттық разрядтары мен біліктілік санаттарынан айыру үшін құжаттарды ұсынуға;

28) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға ұсынылатын спорттық атақтарды, санаттар мен біліктілік санаттарын беру үшін құжаттарды келісуге;

29) ойыншыларды тіркеуге;

30) ойыншылардың, аттестатталған спорт төрешілерінің, жаттықтырушыларының тізілімін жүргізуге;

31) ҚР допингке қарсы қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес допинг қолдануға қарсы іс-қимыл жасауға;

32) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға немесе олардың интернет-ресурстарында ҚР, FIFA мен UEFA-ның футбол бойынша допингке қарсы ережелерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға;

33) ҚР допингке қарсы қағидаларына сәйкес ұлттық допингке қарсы ұйымға жарыста да, жарыстан тыс та тестілеуді өткізу мақсатында спортшылардың тізімін қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты беруге;

34) ҚР допингке қарсы қағидаларына сәйкес ойыншыларға жарыста да, жарыстан тыс та тестілеуге жататын ойыншылар тізіміне оларды енгізу жөнінде хабар беруге;

35) допингке қарсы ережелерге сәйкес ойыншыларды тестілеуге жәрдем етуге;

36) допингке қарсы ұйымның және (немесе) FIFA-ның, UEFA-ның шешімі негізінде және оны орындау үшін ойыншыларды, жаттықтырушыларды, жаттықтырушы-оқытушыларды, спорт медицинасының мамандарын, спорт төрешілерін, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды допингке қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін футбол ережелерін және (немесе) спорттық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) бұзғаны үшін, және (немесе) спорттық этиканы бұзғаны үшін, және (немесе) FIFA және UEFA, және (немесе) республикалық (өңірлік) аккредиттелген спорт федерациялары бекіткен нормаларды бұзғаны үшін біліктілігінен айыруға;

37) біліктілігінен айыру туралы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға, ұлттық допингке қарсы ұйымға, FIFA мен UEFA-ға тиісті спорт түрі бойынша хабарлауға;

38) әдістемелік жұмыс нәтижелері негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға футболды дамыту бойынша ұсынымдар беруге;

39) FIFA мен UEFA талаптарына сәйкес кәсіби спортты дамыту бойынша міндеттерді орындау;

40) Олимпиада хартиясын басшылыққа алуға және барлық жағынан оны сақтауға;

41) Этика кодексін және ХОК басқа да ережелерін сақтауға;

42) ХОК сессияларына қатысуға;

43) құрамына ҚФФ тағайындалған ХОК комиссияларының жұмысына қатысуға;

44) Олимпиадалық қозғалыстың дамуына және таралуына жәрдем ету;

45) ҚР және ол мүше болып табылатын ұйымдағы олимпиадалық қозғалыстың дамуын, сондай-ақ ХОК бағдарламаларының іске асырылуын бақылауға;

46) ҚР ҰОК жарғысында көзделген міндеттерді орындауға;

47) ҚР заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

21. ҚФФ FIFA-ның мүшелері болып табылмайтын немесе футбол конфедерацияларының уақытша мүшелері болып табылатын футбол қауымдастықтарымен FIFA-ның рұқсатынсыз спорттық байланыстар мен мачтар өткізуден бас тартады.

6-тарау. МҮШЕЛІК

22. ҚФФ мүшелері футболды оның барлық нысандарында дамытуға және насихаттауға қатысатын заңды тұлғалар бола алады, оның ішінде:

1) жергілікті футбол федерациялары (қауымдастықтары);

2) футболдың әртүрлі түрлерінің қауымдастықтары (одақтары) (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер, жағажай, әйелдер, үстел футболы және т.б.);

3) мүгедектердің футбол қауымдастықтары (одақтары);

4) футбол лигалары;

5) мамандандырылған футбол оқу орындары (оның ішінде футбол академиялары);

6) футбол төрешілерінің, жаттықтырушыларының, ойыншыларының, жанкүйерлерінің және футболға байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ футболды дамытуға және насихаттауға жәрдемдесетін басқа да заңды тұлғалардың бірлестіктері (одақтары).

23. ҚФФ мүшелері осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарды мойындап, Конференция белгілеген тәртіп пен мөлшерде мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлеуі тиіс.

24. ҚФФ мүшелері бағынуы және ҚФФ мойындалуы тиіс. Төрелік ету, тәртіптік жауапкершілікті анықтау, лицензиялау, ойыншыларды тіркеу бойынша өкілеттіктер, ҚФФ құзыреті шегінде дауларды шешу, сондай-ақ ҚФФ өткізетін жарыстардың құрылымы мен ашықтығына қатысты мәселелер футбол лигаларына берілуі мүмкін емес және ҚФФ-ның айырықша құзыретінде болуға міндетті. ҚФФ мүшелері болып табылатын жергілікті футбол федерацияларының жарғылары ҚФФ-ға кірген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ҚФФ-мен келісілуі және жергілікті футбол федерацияларына қойылатын ең аз талаптарға сай болуы тиіс.

25. ҚФФ мүшелері үшінші тұлғаларға қарамастан ҚФФ-ға мүшелігіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауы тиіс. Осы тармақ ұйымның ішкі ұйымдық құрылымына немесе ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан қолданылады.

26. ҚФФ мүшелері болып табылатын жергілікті футбол федерацияларының құрылтайшыларының кемінде 3/4 (төрттен үш) бөлігі негізгі жарғылық мақсаттары футболды дамыту және насихаттау болып табылатын заңды тұлғалар болуы тиіс.

27. Егер бұл матчтардың және/немесе жарыстардың тұрақтылығының бұзылуына немесе әділ ойын принципінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін болса, бірде-бір жеке немесе

заңды тұлға (филиалдар мен өкілдіктерді қоса алғанда) бір футбол клубынан артық бақылауға тиіс емес.

28. ҚФФ өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. ҚФФ мүшелері ҚФФ міндеттемелері бойынша бір жылдық мүшелік жарна көлемінде субсидиарлық жауапкершілікте болады. Егер ҚФФ міндеттемелері ҚФФ мүшесінің ҚФФ-ға зиян келтірген әрекеттерінің нәтижесінде туындаса, онда ҚФФ-ның мұндай мүшесі туындаған міндеттемелер бойынша іс жүзінде келтірілген залал мөлшерінде субсидиарлық жауаптылықта болады.

29. ҚФФ мүшесі болу туралы шешім қабылдау Конференцияның айрықша құзыреті болып табылады.

30. ҚФФ мүшесі болу үшін үміткерлер ҚФФ-ға мына құжаттарды тапсыруы керек:

1) ҚФФ мүшесі болу ниеті туралы мәлімдеме;

2) ҚФФ-ға мүше болу ниеті туралы уәкілетті басқару органының хаттамасы;

3) ұйымның мөрімен расталған, ҚФФ-мен бұрын келісілген жарғының көшірмесі;

4) тіркелген заңды тұлға туралы анықтама;

5) заңды тұлғаның атынан қол қоюға құқығы бар, оның ішінде үшінші тұлғалармен шарт жасасу құқығы бар тұлғалар тізімі;

6) FIFA, UEFA және КФФ жарғыларын, регламенттерін, ережелерін және өзге де нормативтік актілерін, Ойын қағидаларын тану және сақтау туралы міндеттеме және аталған міндеттеменің ұйым жарғысында болуын және оны мүшелердің, клубтардың, ресми тұлғалардың және ойыншылардың тануын қамтамасыз етуге кепілдеме;

7) CAS-тың, ҚФФ заңды органдарының шешімдерін мойындау және орындау жөніндегі міндеттеме және ұйым жарғысында осы міндеттеменің болуын қамтамасыз ету кепілдіме;

8) барлық «үйдегі» матчтарды ҚР аумағында өткізу міндеттемесі;

9) кез келген сыртқы факторларға қарамастан FIFA, UEFA және ҚФФ барлық шешімдерін қабылдауға міндеттеме;

10) ҚФФ келісімімен ғана жолдастық кездесулерді ұйымдастыру мен өткізуді көздейтін міндеттеме;

11) осы Жарғыны, FIFA, UEFA және ҚФФ-ның нормативтік актілері мен шешімдерін бұзатын қатысушыны немесе құрылтайшыны өз мүшелігінен шығару, сондай-ақ тұлғаны жұмыстан шығару міндеттемесі.

31. Бас хатшы ҚФФ мүшелігіне кандидаттың құжаттарының толық пакетін жазбаша есеппен бірге Атқару комитетіне береді. Ұсынылған құжаттарды зерделей келе Атқару комитеті Конференцияның күн тәртібіне ҚФФ мүшелігіне кандидатты қабылдау мәселесін енгізу туралы шешім қабылдайды. Атқару комитеті Конференцияға кандидатты ҚФФ мүшелігіне қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша ұсынымдар беруге құқылы.

32. ҚФФ мүшелері:

1) ҚФФ қызметі туралы ақпарат алуға;

2) ҚФФ органдарына сайлауға кандидаттар ұсынуға;

3) ҚФФ қызметіне қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Конференцияның күн тәртібі туралы ақпаратты алдын ала алуға және белгіленген мерзімде Конференцияның отырыстарына шақыруға;

5) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Конференцияның отырыстарына қатысуға;

6) Конференция отырыстарында дауыс беру құқығын жүзеге асыруға;

7) осы Жарғыда көзделген жағдайларда Кезектен тыс Конференция шақыруды талап етуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен ҚФФ құрамынан шығуға;

9) футбол жарыстарына және ҚФФ өткізетін басқа да іс-шараларға қатысуға;

10) ҚР заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

33. ҚФФ мүшелері:

1) FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларының, қағидаларының, ережелерінің, регламенттерінің, шешімдерінің және өзге де құжаттарының, Ойын ережесінің, ҚФФ құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға және оның барлық мүшелерінің осы талаптарды орындауын қамтамасыз етуге;

2) ҚФФ жарғылық мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға, оларды іске асыруға белсенді қатысуға;

3) Конференция белгілеген тәртіппен және мөлшерде мүшелік жарналарды төлеуге;

4) құрылтай құжаттарына, қол қою құқығы бар, оның ішінде үшінші тұлғалармен шарт жасасу құқығы бар тұлғалардің тізіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ҚФФ-ға жазбаша түрде осындай өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;

5) елдегі барлық ресми матчтардың («үйдегі мачтар») ҚР аумағында өтетінін мойындауға, сондай-ақ оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

6) жолдастық кездесулерді тек ҚФФ келісімімен ғана ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

7) ҚФФ өткізетін жарыстарға жеке өзі немесе оның мүшелері арқылы қатысуға;

8) басқа ұлттық футбол қауымдастықтарының аумағында өтетін жарыстарға тек FIFA, UEFA, ҚФФ және аумағында жарыс өтетін ұлттық футбол қауымдастығының келісімімен ғана қатысуға, сондай-ақ оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

9) CAS-тың, Заң органдарының шешімдерін тануға әрі орындауға және оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

10) әділдік, адалдық, спорттық мінез-құлық, қарсыласқа құрмет көрсету және әділ ойын қағидаттарын сақтауға және оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

11) ҚФФ қабылдаған шешімдерді орындауға;

12) ҚФФ мойындамаған футбол ұйымдарымен немесе ҚФФ-ға мүшелігі тоқтатылған ұйымдармен спорттық байланыстардан және матчтар өткізуден бас тартуға, сондай-ақ оның барлық мүшелерінің осы ережені сақтауын қамтамасыз етуге;

13) өзінің қаржылық есептілігін тексеру үшін ҚФФ-ға тәуелсіз аудиторлық компания өкілдерінің жыл сайынғы аудитінен өтуге;

14) осы Жарғының талаптарынан, FIFA, UEFA және КФФ регламенттерінен, қағидалары мен шешімдерінен туындайтын басқа да міндеттемелерді орындауға міндетті.

34. ҚФФ мүшелерінің өз міндеттемелерін бұзуы осы оларға Жарғыда көзделген санкцияларды қолдануға әкелуі мүмкін.

35. ҚФФ-ға мүшелік мына жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) ҚФФ құрамынан өз бастамасымен шығу;

2) ҚР заңнамасын, осы Жарғыны, ҚФФ органдарының шешімдерін, FIFA, UEFA немесе ҚФФ нормативтік актілерін бұзу анықталған жағдайда мүшені ҚФФ құрамынан шығару;

3) осы Жарғыда көзделген тәртіппен мүшені ҚФФ құрамынан шығару;

4) ҚФФ мүшесінің ҚР заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретіндегі қызметін тоқтату.

36. ҚФФ мүшелері өз қалауы бойынша қаржылық жылдың аяғына дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Конференцияның қарауына жазбаша өтініш және ҚФФ құрамынан шығу ниеті туралы ҚФФ мүшесі ұйымының уәкілетті басқару органының хаттамасын беру арқылы ҚФФ құрамынан шыға алады. Мұндай жағдайда ҚФФ мүшесі ҚФФ-дан шыққанға дейін туындаған ҚФФ міндеттемелері бойынша оның шыққан сәтінен бастап 2 (екі) жыл ішінде өзінің жарнасына пропорционалды субсидиарлық жауаптылықта болады.

37. Егер ҚФФ мүшесі FIFA, UEFA немесе ҚФФ жарғыларын, регламенттерін, қағидаларын, шешімдерін бұзған, сондай-ақ ҚФФ-ға материалдық залал келтіруге немесе оның іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан өзга де әрекеттерді жасаған жағдайда Конференция мұндай мүшені ҚФФ құрамынан шығаруға құқылы. ҚФФ-ның шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты ҚФФ-дан өз бастамасы бойынша шығуға қатысты ережелер қолданылады.

38. Егер ҚФФ мүшесі өз міндеттемелерін бұзса, Конференция оның мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Конференция отырыстары арасындағы кезеңде мүшелікті тоқтата тұру туралы шешімді Атқару комитеті қабылдауға құқылы.

39. Мүшелікті қалпына келтіру немесе мүшелікті тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы мәселе, егер Атқару комитеті осы уақытқа дейін мүшелікті қалпына келтірмесе, Конференцияның келесі отырысында қаралуы тиіс.

40. Өзіне қатысты мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылданған ҚФФ мүшесі барлық құқықтарын жоғалтады. Басқа ҚФФ мүшелері мүшелігі тоқтатылған ҚФФ мүшесімен спорттық байланыста бола алмайды. Мүшелігі тоқтатылған ұйымға заңды органдар басқа да тәртіптік жазаларды қолдануға құқылы.

41. КФФ өткізетін жарыстарға кемінде бір жыл қатыспаған жергілікті футбол федерациялары Атқару комитетінің шешімімен Конференцияда дауыс беру құқығынан уақытша шеттетілуі мүмкін.

42. ҚФФ қызметін тоқтату ҚФФ барлық мүшелерінің мүшелігін тоқтатуға әкеп соғады.

43. Футбол/футзал клубтары тек республикалық немесе жергілікті футбол федерациялары мен футбол лигалары арқылы ҚФФ-ға мүше бола алады.

7-тарау. ҚФФ ҚҰРМЕТТІ ПРЕЗИДЕНТІ ЖӘНЕ ҚФФ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ

44. Атқару комитеті ҚФФ Құрметті президентінің немесе ҚФФ құрметті қызметкерінің кандидаттарын Конференцияның бекітуіне ұсынады.

45. «ҚФФ Құрметті Президенті» және «ҚФФ Құрметті Қызметкері» атақтарын беруді Конференция жүзеге асырады.

46. ҚФФ Құрметті Президенті және ҚФФ Құрметті Қызметкері кеңесші дауыс беру құқығымен Конференциялар мен ҚФФ Атқару комитетінің барлық отырыстарына қатысуға құқылы.

8-тарау. ҚФФ ОРГАНДАРЫ

47. ҚФФ органдары:

1) жоғарғы басқару органы – Конференция;
2) алқалы атқарушы басқару органы – Атқару комитеті;
3) жоғары лауазымды тұлға – Президент;
4) әкімшілік орган – Бас хатшылық;
5) бақылау органы – Тексеру комиссиясы;
6) Тұрақты және Арнайы комиссиялар;
7) Сайлау және Апелляциялық сайлау комиссиялары;
8) Заң органдары.

48. ҚФФ органының кез келген мүшесі мүдделер қақтығысының болуын тұспалдайтын мәселені қарауға немесе аталған мәселе бойынша шешім қабылдауға қатысудан бас тартуы тиіс.

49. ҚФФ органдарының мүшелері үшінші тұлғалардың сыртқы ықпалынсыз немесе ішкі ықпалсыз және осы Жарғыда және ҚФФ-ның өзге де нормативтік құжаттарында көзделген шарттарға сәйкес тәуелсіз негізде сайланады немесе тағайындалады.

9-тарау. КОНФЕРЕНЦИЯ

50. Конференция Атқару комитеті жыл сайын шақыратын ҚФФ жоғары басқару органы болып табылады. Конференция кезекті немесе кезектен тыс болуы мүмкін. Төрт жылдық өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін Президентті немесе Атқару комитетінің мүшелерін сайлау мақсатында өткізілетін Конференция Сайланбалы Конференция деп аталады.

51. Конференция бетпе-бет, сырттай немесе онлайн кездесулер түрінде өткізілуі мүмкін. Конференция отырысын өткізу нысаны Президенттің өкімімен немесе Атқару комитетінің шешімімен белгіленеді.

52. Конференцияның бетпе-бет отырысы ҚФФ дауыс беруші мүшелерінің қатысуымен өтеді.

53. Конференция отырысының сырттай нысаны дауыс беруші мүшелердің қатысуынсыз, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық құжат нысанындағы дауыс беру бюллетеньдерін пайдалану арқылы өткізіледі.

54. Конференцияның онлайн отырысы техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізіледі.

55. Конференцияның онлайн отырысы басталар алдында (қажетті кворум тексерілгеннен кейін) дауыс беруші мүшелер отырысты онлайн форматта өткізуге келісімін нақты растауы керек. ҚФФ мүшелерінің бұл келісімі тиісті отырыстың хаттамасында көрсетіледі.

56. Отырыстың сырттай нысаны күн тәртібіндегі мәселелер бойынша барлық материалдар ҚФФ мүшелеріне жіберілген жағдайда, дауыс беру бюллетеньдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осындай отырыстың нәтижелері бойынша Конференцияның жүзбе-жүз отырысының хаттамасымен бірдей заңды күші бар хаттама жасалады.

57. Кезекті және/немесе Кезектен тыс Конференцияның жеке отырысын өткізуді реттейтін осы Жарғының ережелері жиналыс пен күн тәртібі, қажетті кворум, шешім қабылдау процестері және т.б. туралы мүшелерге хабарламаларды ұйымдастыру және жіберу мәселелері бөлігінде Конференцияның онлайн және сырттай отырыстарына бірдей қолданылады.

58. Кезекті конференцияның отырысын өткізу орны мен күнін Атқару комитеті оны өткізу күніне дейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын белгілейді. Атқару комитеті бекіткен Кезекті Конференцияның күн тәртібі Конференция өтетін күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ҚФФ мүшелеріне жіберіледі.

59. Конференция жұмысын ұйымдастыру Бас хатшыға жүктеледі. Кезекті Конференцияның күн тәртібіне енгізуге арналған ҚФФ мүшелерінің барлық сұрақтары мен ұсыныстары Конференция өтетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ҚФФ-ға жазбаша түрде жіберілуі тиіс.

60. Конференцияның қорытынды күн тәртібі мен материалдары оны өткізу күніне дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

61. ҚФФ мүшелері Конференция өтетін күнге дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей ҚФФ-ға жазбаша хабарламалар жіберу арқылы делегаттардың деректемелерін (аты-жөнін) көрсете отырып, Конференцияға қатысуын растауы қажет.

62. Келесі Конференцияның күн тәртібі міндетті түрде келесі мәселелерді қамтуы керек:

1) күн тәртібін бекіту;
2) Конференция барысында дауыстарды санау үшін 3 (үш) адамды тағайындау;
3) Конференция хаттамасын тексеру үшін 3 (үш) делегат тағайындау;
4) Президенттің соңғы Конференциядан кейінгі қызметі туралы есебін бекіту;
5) Атқару комитетінің соңғы Конференциядан кейінгі қызметі туралы есебін бекіту;
6) Тексеру комиссиясының өткен қаржылық жылдағы есебін бекіту;
7) соңғы қаржылық жылдағы ҚФФ қаржылық есептілігін бекіту.

63. Конференция күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Кезекті Конференцияның жұмысы барысында оның күн тәртібіне жаңа мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар Конференцияға қатысқан ҚФФ мүшелерінің 3/4 (төрттен үш) дауысымен енгізілуі мүмкін.

64. Конференцияны Президент басқарады. Ол болмаған немесе Конференцияға қатысу мүмкін болмаған жағдайда осы Жарғының 122-тармағы қолданылады.

65. Атқару комитеті мүшелерінің Конференция отырыстарында дауыс беруге құқығы жоқ. Конференция отырыстарында дауыстар тең болған жағдайда Президент шешуші дауысқа ие.

66. Конференцияның айрықша құзыретіне мыналар кіреді:

1) ҚФФ-ның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (оның ішінде Жарғыны жаңа редакцияда қабылдау);

2) ҚФФ-ны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

3) ҚФФ мүшелерінің ұсынысы бойынша Президентті сайлау және өкілеттіктерін тоқтату;

4) ҚФФ мүшелерінің ұсынысы бойынша Атқару комитетінің мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін тоқтату;

5) Атқарушы комитеттің ұсынысы бойынша тәуелсіз аудиторды тағайындау және оның өкілеттігін тоқтату;

6) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша мүшелік жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін бекіту;

7) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша жоғары спорттық жетістіктері немесе футболға сіңірген еңбегі үшін жеке тұлғаларға «ҚФФ Құрметті Президенті» және «ҚФФ Құрметті қызметкері» атақтарын беру;

8) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша сайлау комиссиясының және апелляциялық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;

9) ҚФФ басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, қалыптастыру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін анықтау;

10) соңғы қаржылық жылдағы ҚФФ қаржылық есептілігін бекіту;

11) Атқару комитетінің және Президенттің есептерін бекіту;

12) атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ Тексеру комиссиясының тексеру жүргізу тәртібін айқындау және олардың нәтижелерін бекіту;

13) заңнамалық актілерде белгіленген шекте ҚФФ-ның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) филиалдары мен өкілдіктерін құру және олардың қызметін тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

15) ҚФФ-ға жаңа мүшелерді енгізу туралы шешім қабылдау және ҚФФ мүшелерін шығару туралы шешім қабылдау;

16) осы Жарғының ережелеріне сәйкес Атқарушы комитет немесе КФФ мүшелері Конференцияда бекітуге ұсынған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

17) Конференцияны процедурасының ережелерін, сондай-ақ оған түзетулер енгізуді бекіту.

67. Конференцияның айрықша құзіретіне жататын мәселелер КФФ-тің басқа органдарына берілмейді.

68. Кандидаттарды сайлау жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Кандидаттардың саны бос орын санына тең немесе одан аз болса, Конференция ашық дауыс беру арқылы сайлау өткізу туралы шешім қабылдай алады.

69. Сайлау өткізілген кезде ең көп дауыс жинаған адам бірінші турда сайланған болып есептеледі. Егер бірінші турда жеңімпаз анықталмаса, екінші тур өткізіледі, онда бірінші турда тең дауыс санын алған кандидаттар өтеді, онда ең көп дауыс жинаған адам сайланады.

70. Президент сайлауы Атқару комитетінің қалған мүшелерін сайлауға дейін өткізіледі. Атқару комитетінің барлық мүшелері жеке негізде сайланады.

71. Атқару комитетінде және/немесе Тексеру комиссиясында бос орын болған жағдайда, келесі Конференция Атқару комитетінің және/немесе Тексеру комиссиясының жаңа мүшесін (жаңа мүшелерін) егер осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Атқару комитетінің және/немесе Тексеру комиссиясының қалған өкілеттік мерзіміне сайлайды.

72. Осы Жарғының 66-тармағының 1), 2) және 17) тармақшаларында көзделген Конференцияның шешімдері ҚФФ қатысқан мүшелері санының 3/4 (төрттен үш) даусымен қабылданады. Конференцияның басқа шешімдері ҚФФ қатысып отырған мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады.

73. Конференцияның күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру, осы Жарғының 68-тармағын қоспағанда, ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Ашық дауыс беру қол көтеру немесе электронды санақ арқылы жүзеге асырылады.

74. Конференция отырысы, егер ҚФФ мүшелерінің кемінде 3/4 (төрттен үш) қатысса, заңды болып саналады.

75. Кворум болмаған жағдайда Конференция отырысы, оның ішінде кезектен тыс Конференция отырысы жоспарланған отырыс өткізілген уақыттан бастап 24 сағатқа кейінге қалдырылуы мүмкін және сол жерде және сол күн тәртібімен өткізілуі тиіс.

76. Күн тәртібінің қандай да бір тармақтары ҚФФ-ның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді, Президентті, Атқару комитеті мен Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтатуды, сондай-ақ, ҚФФ құрамына мүшелерді қабылдауды және оларды құрамнан шығаруды немесе ҚФФ-ны ерікті түрде қайта ұйымдастыру және жою туралы шешім қабылдауды қамтымайтын жағдайларды қоспағанда Конференцияның қайталама отырысы үшін кворум талап етілмейді.

77. Конференцияның шешімдері Президент пен Бас хатшы қол қоятын хаттама түрінде рәсімделеді.

78. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін Бас хатшы оны тағайындалған 3 (үш) делегатқа қарау үшін жібереді. Делегаттар 3 (үш) жұмыс күні ішінде хаттамаға келісуге немесе жазбаша дәлелді ескертулерін беруге міндетті.

79. Тағайындалған 3 (үш) делегаттан хаттамаға жазбаша дәлелді ескертулер болмаған жағдайда, хаттама Конференцияға сәйкес тиісті түрде рәсімделген болып есептеледі.

80. Тағайындалған 3 (үш) делегаттан хаттамаға жазбаша дәлелді ескертулер болған жағдайда, Бас хатшы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хаттаманы делегаттардың дәлелді ескертулеріне сәйкес келтіруге міндетті. Барлық ескертулер жойылғаннан кейін хаттама Конференцияға сәйкес дұрыс рәсімделген болып саналады.

81. Конференция хаттамасын тағайындалған делегаттар тексергеннен кейін Конференция хаттамасының көшірмесін Бас хатшы отырыс өткізілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚФФ мүшелеріне жібереді.

82. ҚФФ мүшесінің атынан өкілдік ететін делегатқа ҚФФ мүшесінің тиісті органы рұқсат беруі керек. Конференция делегаты ҚФФ-тің бір мүшесінен артық өкілдік ете алмайды.

83. , ҚФФ кәсіпқой футбол жарыстарын өткізу құқығын берген және 5 дауысы бар (*Лиганың өзі – 1 дауыс, Премьер-Лига – 1 дауыс, Бірінші лига – 1 дауыс, Екінші лига – 1 дауыс, Әйелдер лигасы – 1 дауыс*) футбол лигасынан басқа, ҚФФ-ның әрбір мүшесі Конференцияда бір дауысқа ие бір ғана делегатпен өкілдік етуге құқылы. ҚФФ-ның қазіргі мүшелері ғана дауыс беруге құқылы.

84. КФФ әрбір мүшесі Сайлау конференциясы өтетін күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Бас хатшылыққа сайлауға бір кандидатура ұсына алады.

85. ҚФФ ҚФФ мүшелеріне Конференция жұмысына қатысуға тікелей байланысты шығыстарды өтеуді қоспағанда, оларға жүктелген функцияларды орындағаны үшін сыйақы төлеуге құқығы жоқ.

86. Конференция қабылдаған шешімдер, егер Конференция басқа күнді белгілемесе, олар қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

87. Конференцияны өткізу процедурасының ережелері Конференцияның басқа да мәліметтерін реттей алады. Бұл ережелер Конференцияда бекітілуге жатады.

88. Кезектен тыс Конференция Атқару комитетінің бастамасы бойынша немесе ҚФФ мүшелерінің кемінде 1/3 (үштен бір) өтініші бойынша шақырылуы мүмкін. Бұл талапта күн тәртібіне ұсынылған мәселелер қамтылуы тиіс. Атқару комитеті Кезектен тыс Конференцияны Атқару комитеті шешім қабылдаған немесе ҚФФ мүшелерінен оны шақыру туралы өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей шақырады. Егер ҚФФ мүшелері талап ететін Кезектен тыс Конференцияны Атқару комитеті белгіленген мерзімде дәлелсіз себептермен шақырмаса, ҚФФ мүшелері Кезектен тыс Конференцияны өз бетінше өткізе алады.

89. Кезектен тыс Конференция туралы хабарламаны Бас хатшы оны өткізу күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей КФФ мүшелеріне жібереді және ол күн тәртібін және Кезектен тыс Конференцияны өткізу орны мен уақытын көрсетуді қамтуы тиіс.

90. Кезектен тыс Конференция күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Кезектен тыс Конференцияның күн тәртібі өзгертуге жатпайды.

10-тарау. АТҚАРУ КОМИТЕТІ

91. Атқару комитеті 11 мүшеден тұрады. Оған мыналар кіреді:

1) Президент;

2) Атқарушы комитеттің лауазымы бойынша мүшесі болған кәсіби футбол лигасының бірінші басшысы;

3) ҚФФ Конференциясында сайланған кем дегенде бір әйел өкілді қоса алғанда, 9 басқа мүше.

92. Атқару комитетінің 9 мүшесі ҚФФ мүшелерінің ұсынысы бойынша Конференцияда 4 (төрт) жыл мерзімге сайланады.

93. Бір тұлға Атқару комитетінің мүшесі болып қатарынан 4 реттен артық сайлана алмайды.

94. Бас хатшы кеңесші дауыс құқығымен Атқару комитетінің отырыстарына қатысуға құқылы.

95. Атқару комитетінің мүшесі болып 75 жасқа толмаған ҚР әрекетке қабілетті азаматтары сайлана алады. Бұл ретте Атқару комитетінің құрамына ҚФФ мүшесінен бір өкілден артық болмауы мүмкін.

96. Атқару комитеті мүшелерінің өкілеттік мерзімі ішінде Конференцияда КФФ мүшелерінен делегат болуға құқығы жоқ.

97. Атқару комитетінің отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі. Президенттің немесе Атқару комитетінің кемінде 7 (жеті) мүшесінің бастамасы бойынша Атқару комитетінің кезектен тыс отырысы шақырылуы мүмкін.

98. Атқару комитетінің отырысы, егер оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып саналады. Атқару комитетінің шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Атқару комитетінің отырысы әртүрлі байланыс құралдарын пайдалана отырып, сауалнама арқылы өткізілуі мүмкін.

99. Атқару комитеті жабық отырыста өтеді. Атқару комитеті өз қалауы бойынша отырысқа дауыс беру құқығы жоқ үшінші тұлғаларды шақыруға құқылы.

100. Атқару комитетінің отырыстарын Президент басқарады.

101. Президенттің Атқару комитетінің отырысында болмаған немесе қатысу мүмкін болмаған жағдайда осы Жарғының 122-тармағы қолданылады.

102. Атқару комитеті мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болады.

